

«Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» КеАҚ

**БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ, ОҚЫТУШЫЛАР МЕН
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚ
КОДЕКСІ**

Қызметтік пайдалануға арналған басылым

Ақтөбе, 2025 ж.

ӘЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ

Академиялық мәселелер бойынша
Басқарма мүшесі-Проректор Л.Н. Мясникова

БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ

Ғылыми кеңес шешімі негізінде Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректорымен (2025 жылғы «28» 11 №5 хаттама)

ЖАРАМДЫЛЫҚ МЕРЗІМІ: жаңасын ауыстырғанға дейін

ЕНГІЗІЛДІ: 01.07.2025 жылғы 03 нұсқаның орнына

Осы Кодекс Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректорының ресми рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толық немесе ішінара көшірілмейді, көбейтілмейді және таратылмайды.

Осы Кодекс Қ. Жұбанов атындағы АӨУ Басқарма Төрағасы-Ректорының ресми рұқсатымен үшінші тұлғаларға берілуі мүмкін.

1 ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

1.1 Осы Академиялық адалдық кодексі (бұдан әрі-Кодекс) білім алушылардың, ПО құрамы және қызметкерлердің академиялық адалдық кодексін жүзеге асырудың негізгі ұғымдарын, форматын, ұйымдастыру тәртібін, қолданылатын шаралары мен шарттарын айқындайды.

1.2 Осы Кодекс «Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» Коммерциялық емес акционерлік қоғамында (бұдан әрі Қ.Жұбанов атындағы АӨУ) академиялық адалдықты ұйымдастыру және қамтамасыз ету жөніндегі қызметті реттейді. Кодекс академиялық адалдық саясатын жүзеге асырудың және академиялық адалдықты бұзушылықтың алдын алудың негізгі тетіктерін қамтиды.

2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы Кодекс мынадай нормативтік құжаттарға сәйкес әзірленді:

2.1 «Білім туралы» ҚР Заңы (2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-ІІІ, 2022 жылғы өзгерістер мен толықтырулармен), Жоғары білімнің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (2022 жылғы 20 шілдедегі № 2, 2025 жылғы өзгерістер мен толықтырулармен), Академиялық адалдық лигасының стандарттары және осы бағытты регламенттейтін басқа да нормативтік құқықтық актілер.

2.2 Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің қызметін реттейтін университеттің Академиялық саясаты, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты, Сапаны қамтамасыз ету саясаты және басқа да нормативтік құқықтық актілер.

3 ТЕРМИНДЕР

3.1 Академиялық адалдық – оқыту мен бағалауда жеке адалдықты дамытатын құндылықтар мен принциптердің жиынтығы. Сондай-ақ, жазбаша бақылау жұмыстарын, курстық және қорытынды жұмыстарды, емтихандарды, эсселерді, зерттеулерді, презентацияларды, ғылыми-зерттеу жұмыстарын, ғылыми мақалаларды және білім алушылардың, ПО құрамы мен қызметкерлердің басқа да бағаланатын және бағаланбайтын жұмыстарын орындау кезінде сенімді мінез-құлық ретінде түсіндірілуі мүмкін.

3.2 Академиялық адалдыққа жат іс-әрекеттер – білім беру және ғылыми, сондай-ақ әкімшілік-басқару қызметімен байланысты академиялық адалдықты бұзудың кез келген түрі.

3.3 Плагиат – басқа адам жұмысының нәтижелерін қасақана және/немесе абайсызда иемдену, авторлықты көрсетпей басқа автордың жұмысын көшіру.

3.4 Көшіру – білім алушының жазбаша жұмысты орындауда оқытушыдан немесе емтихан алушыдан жасырын, оның ішінде шпаргалкаларды, электрондық және басқа да байланыс құралдарын қолдануды, сондай-ақ жіберуші мен алушы арасында трансляциялауды, деректерді беруді жаңғыртуды қоса алғанда, көмек алуға тырысуы.

3.5 Фальсификация – бағаланатын және бағаланбайтын жұмыстағы деректерді, ақпаратты немесе дереккөздерге сілтемелерді бұрмалау.

3.6 Өзін-өзі плагиат ету – бұл бұрыннан жарияланған мақаланы немесе оның бір бөлігін қасақана қайта пайдалану.

3.7 Жасанды интеллект – есептеу құрылғыларының көмегімен адамның танымы мен ойлау процестерін модельдеудің ғылыми технологиясы, компьютерлердің өнімділігін арттыру үшін адам қолданатын есептерді шешу әдістерін қолдану.

3.8 Пара – лауазымды адамдардың басқа тұлғалардан өзі атқаратын лауазымына байланысты қандай да бір көрсетілетін қызметтері үшін ақша немесе өзге де бір игіліктер алуы.

3.9 Пара беруші – пара алушыға осы адамның өкілеттіктерін өз мақсаттары үшін пайдалану мүмкіндігінің орнына белгілі бір пайда беретін адам.

3.10 Пара алушы-пара берушінің мүддесі үшін пара алу субъектісі белгілі бір жолмен әрекет етеді немесе әрекетсіздік жасайды.

3.11 Сөз байласу – қабылданған ережелерді айналып өту үшін жасалған жасырын келісім.

4 ТӘРТІПТІК ЖАУАПТЫЛЫҚҚА ЖАТАТЫН АКАДЕМИЯЛЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫҢ ТҮРЛЕРІ

Білім алушылар үшін академиялық адалдық бұзушылық 3 санатқа бөлінеді.

4.1 I санат бойынша бұзушылық мынадай фактілерді қамтиды, бірақ олармен шектелмейді:

- авторлықты растаусыз немесе бастапқы дереккөзді көрсетпей, басқа көздерден материалдарды ішінара не толық иемдену;

- келтірілген мәтінге сілтеме жасамай идеяны немесе жалпы дәлелді қолдану;

- мәтіннің жеке фрагменттерін, идеяларын немесе дәлелдерін құру үшін ЖИ (мысалы, ChatGPT, Copilot және т.б.) пайдалану фактісін көрсетпестен және мұғалімнің келісімінсіз өз бетінше талдауды қажет ететін тапсырмаларда, егер бұл қорытынды нәтижеге әсер етпесе.

4.2 II санаттағы бұзушылыққа мыналар жатады:

- басқа білім алушы үшін бағаланатын кез келген жұмысты орындау;

- басқа білім алушыларда бағаланатын жұмыстарды көшіру;

- басқа білім алушыларға көшіруге мүмкіндік беру;

- өзгенің бағаланатын, ғылыми-зерттеу, жазбаша жұмыстарын өз жұмысы ретінде ұсыну;

- тапсырма талаптарына қайшы немесе оқытушының келісімінсіз бағаланатын жұмыстың едәуір бөлігін (мәтін, бағдарламалық код, міндеттерді шешу және т.б.) құру үшін ЖИ қолдану.

4.3 III санатты бұзушылық фактілеріне мыналар жатады:

- тапсырма бойынша берілген жауаптарды бағалау нәтижелерін, бағаларды қолдан жасау;

- зерттеу барысындағы бақылау, сауалнама, сұрау және басқа әдістер нәтижелерін қолдан жасау;

- білім алушының бағаланатын жұмысын әдейі қолдан жасау немесе бүлдіру;
- бағаланатын жұмысты орындау кезінде жауаптарды беру;
- бағаланатын жұмыстарды өз жұмысы ретінде көрсету үшін әртүрлі тәсілдермен алу;
- дайын бағаланатын жұмыстарды сату немесе сатып алуға және/немесе сатуға көмек көрсетудің өзге де жолдары;
- білім алушылардың немесе үшінші тұлғалардың профессор-оқытушылар құрамына немесе университет қызметкерлеріне оң баға, жеңілдік, оқу артықшылықтары немесе басқа да пайда алу мақсатында ақша, сыйлық, қызмет көрсету ақысын немесе басқа артықшылықтарды беруі;
- білім алушылардың ағымдағы оқу жетістіктерін және сабаққа қатысымын бақылау туралы ережесінде белгіленген талаптарды бұзу;
- бағаланатын жұмыстарды орындау кезінде электрондық және цифрлық тасымалдағыштардағы (ұялы телефон, смартфон, планшет, сымсыз құлаққап және т. б.), техникалық құрылғылардағы (калькулятор және т. б.) шпаргалкалар мен ақпаратты пайдалану;
- компьютер арқылы жүктеуді, емтихан материалдарын, деректерді сақтайтын ақпарат көздерін бұзуды және т.б. қоса алғанда, кез келген жолмен бағаланатын жұмыстың жауаптар алу;
- емтихан тапсыру үшін өзін басқа адаммен ауыстыру немесе басқа адамға емтихан тапсырту;
- Ақтөбе қаласының және Қазақстан Республикасының басқа да өңірлерінің полиция бөлімдерінен ұсынылған хаттармен әкімшілік және қылмыстық құқық бұзушылықтардың анықталған фактілері: 23: 00-ден кейін заңды өкілдерсіз кәмелетке толмағандардың үйден тыс жерде болуы, суық қару (кастет, пышақ және т. б.) алып жүргені үшін, бұзақылық жасағаны үшін (қоғамдық орындарда, оның ішінде университет қабырғасында және студенттер үйлерінде төбелес), ұрлық және бопсалау үшін және т. б.;
- бағаланатын жұмысты сатып алудың анықталған фактісі және өзінің ақыл-ой еңбегі ретінде ұсыну;
- дайын жұмыстарды, жауаптарды немесе емтихан материалдарын алу, тарату немесе сатып алу үшін жасанды интеллект құралдарын немесе үшінші тарап қызметтерін пайдалану, сондай-ақ бағаланатын жұмысты сатып алудың анықталған фактісі және оны өзінің ақыл-ой еңбегі ретінде ұсыну;
- бағаланатын жұмыстар орындалмаған немесе уақтылы ұсынылмаған, сабақтарға, емтихандарға, курстық жұмыстар/дипломдық жобалар/диссертациялар қорғауға келмеген жағдайда жалған анықтама құжаттарын (сырқаты бойынша анықтамаларды, төтенше және авариялық жағдай анықтамаларын, оқу ақысын төлегені туралы түбіртектер, жатақханада тұру үшін төлем туралы түбіртіктер) ұсыну;
- бағаланатын және бағаланбайтын ғылыми-зерттеу жұмыстары мен жобаларын жазуда жасанды интеллектті пайдалану;

- толық құрылған ЖИ жұмысын (курстық, дипломдық, есеп және т.б.) өз еңбегінің түрімен тапсыру және академиялық адалдық талаптарын айналып өту үшін ЖИ жүйелі пайдалану.

ПО құрамы мен қызметкерлер үшін академиялық адалдықты бұзу 3 санатқа бөлінеді.

4.4 I санаттағы бұзушылықтарға мыналар жатады:

- авторлығын растамай немесе дереккөзді көрсетпей, басқа көздерден материалдарды ішінара не толық иемдену;
- келтірілген мәтінге сілтеме жасамай идеяны немесе жалпы дәлелді қолдану;
- білім алушылардың білімін объективті бағалау;
- ЖИ құралдарын (мысалы, тестілерді немесе емтихан материалдарын генерациялау) академиялық стандарттарға сәйкестігін тексермей пайдалану, бұл қате немесе дұрыс емес нәтижелерге әкелуі мүмкін.

4.5. II санатты бұзушылықтар:

- басқа білім алушыларға көшіруге мүмкіндік беру;
- өзгенің ғылыми-зерттеу жұмыстарын өз жұмысы ретінде ұсыну;
- білім алушыларды бағалау процесіне араласу;
- оқу процесінде біржақты көзқарас, этикалық нормаларды бұзу;
- ЖИ құралдарын автоматты түрде шешімдер мен материалдар жасау үшін пайдалану, бұл студенттердің өз күш-жігерін алмастырады және университеттің ережелері мен этикалық нормаларына сәйкес келмейді.

4.6 III санатты бұзушылық фактілеріне мыналар жатады:

- тапсырмаға жауаптарды бағалау нәтижелерін, тапсырма бағаларын қолдан жасау;
- зерттеу барысындағы бақылау, сауалнама, сұрау және басқа әдістер нәтижелерін қолдан жасау;
- білім алушының бағаланатын жұмысын әдейі қолдан жасау немесе бүлдіру;
- басқа білім алушының, ПО құрамы немесе университет қызметкерінің, сондай-ақ басқа да мүдделі тұлғалардың көмегімен жұмысты бағалауға дейін ішінара немесе толық материалды алу;
- дайын бағаланатын жұмыстарды сату немесе сатып алуға және (немесе) сатуға көмек көрсетудің өзге де жолдары;
- білім алушыларды бағалау нәтижелерін үшінші тұлғаларға беру;
- білім алушылардың жұмысын бағалау кезінде оң шешім үшін тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді ұсыну;
- бағаланатын жұмысты сатып алу туралы анықталған факт және өзінің ақыл-ой еңбегі ретінде ұсыну;
- білім алушылардың бағаларын әдейі арттыру және (немесе) төмендету;
- білім беру процесінің мәліметтерін үшінші тұлғалардың пайдасына жария ету немесе тарату (бағалау нәтижелері, жауаптар) ;
- білім алушының пайдасына оң нәтиже алу үшін ПО құрамына қысым көрсету немесе пара беру мақсатында білім алушыларды бағалауға байланысты оқу процестеріне араласу;

- білім алушылармен және ПО құрамымен жұмыс істеу кезінде үшінші тұлғалардың және/немесе өзінің коммерциялық пайдасы үшін өз қызметтік жағдайын пайдалану;

- ЖИ қолдану арқылы студенттердің жұмыстарының бағалаудағы нәтижелерін бұрмалау (мысалы, автоматты түрде жұмыстарды бағалау, тестілер немесе эсселерді генерациялау), бұл академиялық адалдық принциптерін бұзады және объективті емес нәтижелерге әкеледі.

* Академиялық адалдықты бұзу түрлерінің осы тізбесі толық болып табылмайды және қажеттілігіне қарай толықтырылуы мүмкін.

5 АКАДЕМИЯЛЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАР ҮШІН ШАРАЛАР

5.1 Білім алушыларға академиялық бұзушылықтар үшін шаралар ауырлық дәрежесіне қарай өсу тәртібімен үш санатқа бөлінеді: I санат, II санат, III санат.

5.1.1 I санаттағы бұзушылықтарға қолданылатын шаралар:

- бірінші тапсырмаға қарағанда күрделі қосымша тапсырманы орындау;
- Әдеп жөніндегі комиссияның шешімі бойынша басқа біреудің жұмысын иемденудің бірнеше жағдайы анықталған жағдайда (дереккөзге сілтемелердің немесе тиісті сілтемелердің болмауы) бағаланатын жұмыс үшін бағаны төмендету.

5.1.2 II санаттағы бұзушылықтарға қолданылатын шаралар:

- плагиат, қайталаным, көшіру жағдайы анықталса, білім алушылардың бағаланатын жұмысының күшін жою және қайта бақылау бағалауды жүргізу.

5.1.3 III санаттағы бұзушылықтарға қолданылатын шаралар:

- жазғы семестр кезеңінде курсты ақылы негізде қайта оқу;
- университеттен шығару;
- университетке қайта түсу құқығынан айырып, оқудан шығару.

5.2 ПО құрамы мен қызметкерлерге қолданылатын академиялық бұзушылықтар үшін шаралар «Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» КеАҚ Тәртіптік кеңесінде қаралады.

5.3 ПО құрамы мен қызметкерлерге қолданылатын академиялық бұзушылықтар үшін шаралар ауырлық дәрежесіне қарай өсу тәртібімен үш санатқа бөлінеді: I санат, II санат, III санат.

5.3.1 I санаттағы бұзушылықтарға қолданылатын шаралар:

- ескерту.

5.3.2 II санаттағы бұзушылықтарға қолданылатын шаралар:

- сөгіс.

5.3.3 III санаттағы бұзушылықтарға қолданылатын шаралар:

- қатаң сөгіс;
- еңбек шартын бұзу.

5.4 Бұзушылықтың әрбір ерекше жағдайы оқиғаның ауырлығының дәрежесін, бұрын тіркелген бұзушылықтардың болуы немесе болмауын және университеттің мүдделері мен міндеттеріне әсер ету дәрежесін ескере отырып, жеке бағаланады.

6 АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚТЫ БҰЗҒАНЫ ҮШІН ШАРАЛАРДЫ ҚОЛДАНУ РӘСІМІ

6.1 Білім алушылардың академиялық адалдық кодексін бұзу жағдайлары Академиялық әдеп жөніндегі комиссияның (бұдан әрі-Комиссия) отырысында қаралады, ол ректордың бұйрығы негізінде бір оқу жылы мерзіміне құрылады және кемінде 7 адамнан тұрады (сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметінің өкілі Комиссияның отырысына бақылаушы ретінде шақырылады және қарау қорытындысы бойынша ұсынымдар енгізеді).

6.2 Комиссияның міндеттері мен функциялары:

- бағаланатын жұмыстардың кез келген түрін орындау кезінде академиялық адалдықтың этикалық нормалары мен қағидаттарының сақталуын бағалау;

- Академиялық адалдық кодексін одан әрі бұзушылықтарды болдырмауға ықпал ететін шешімдер әзірлеу және шығару;

- білім алушылардың бағаланатын жұмыстарын этикалық бағалауға қатысу және академиялық адалдық тұрғысынан этикалық сараптаманы ұйымдастыру;

- осы кодексті бұзу фактісі бойынша комиссия жұмысының нәтижелері бойынша кеңестер өткізу.

6.3 Комиссия төрағасы сарапшы ретінде қарастырылып отырған мәселені түсінетін ЖОО оқытушыларын шақыра алады.

6.4 Ссы Кодекстің 4-тармағында жазылған бұзушылықтар анықталған жағдайда, академиялық бұзушылықты анықтаған адам Академиялық адалдық қағидаларын бұзу туралы АКТ (А, Б қосымшасы) жасайды.

6.5 Тиісті дәлелдермен кодексті бұзу туралы Акт және академиялық адалдықты бұзу анықталған кезде білім алушының жұмысы Академиялық әдеп жөніндегі комиссия төрағасының назарына жеткізіледі.

6.6 Академиялық әдеп жөніндегі комиссияның төрағасы комиссияны шақырып, отырысқа бұзушылық туралы акт жасалған адам қатыстырылады. Комиссия отырысы дауыс беру құқығы бар мүшелердің кемінде 75%-ы болған кезде өткізіледі.

6.7 Академиялық әдеп жөніндегі комиссия бұзушылық актісімен, дәлелдемелік базамен танысуы тиіс және Кодексті басшылыққа ала отырып, академиялық бұзушылықтың түрін, бұзушылық санатын және қолданылатын шараларды айқындайды.

6.8 Комиссияның барлық шешімдері отырыста ашық дауыс беру арқылы көпшілік дауыспен қабылданады. Отырыс қорытындысы бойынша хаттама жасалады. Қабылданған шешім академиялық адалдық бұзушы тұлға назарына хаттамадан көшірме түрінде жеткізіледі. Комиссияның жұмысына араласуға жол берілмейді.

6.9 Комиссияның шешімі өзгертілмейді және жауапты тұлғаның орындауы үшін міндетті.

6.10 Комиссия отырысының хаттамасы негізінде іс академиялық бұзушылық үшін шара шығаруға өкім дайындау үшін деканға беріледі. Білім алушыны оқудан шығару туралы шара қабылдаған кезде факультет деканы Қ. Жұбанов атындағы АӨУ Басқарма Төрағасы-Ректордың атына қызметтік хат жазады.

6.11 ПО құрамы және академиялық адалдық кодексінің қызметкерлері бұзушылық актілерін қарау кезінде Тәртіптік кеңесте хаттама жасалады және хаттамадан көшірме түрінде акт жасалған адамның назарына жеткізіледі.

6.12 Комиссия оқытушы немесе қызметкерді тәртіптік жауапкершілікке тарту үшін университеттің Басқарма Төрағасы-Ректорға академиялық адалдықты бұзу актісі бойынша ұсынымдар шығарады.

7 АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚТЫ САҚТАУ ЖӨНІНДЕГІ ПРОЦЕСКЕ ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

7.1 Білім алушылар құқығы:

- оқу процесінде өз пікірін еркін білдіруге;
- оқу және ғылыми ақпарат пен идеяларды алу және тарату еркіндігіне.

Бұл құқықтардың жүзеге асырылуы ұлттық қауіпсіздікті, аумақтық тұтастықты немесе қоғамдық тәртіпті қорғау, басқа адамдардың беделін немесе құқықтарын қорғау және т. б. мүдделеріне қайшы келмейтін этикалық нормалармен және заңнамалық актілермен реттеледі.

- осы Кодексті бұзу бойынша негізсіз айыптаудан қорғану және дәлелдемелер ұсыну.

7.2 Білім алушылар міндетті:

- ғылыми-зерттеу жұмыстар мен тапсырмаларды орындау кезінде академиялық адалдықты сақтау;

- ақпараттың сенімді көздерін пайдалана отырып, өз идеялары негізінде тапсырмалар мен ғылыми-зерттеу жұмыстарын өз бетінше орындауға;

- басқа адамдардың авторлығы мен идеяларын көрсету;

- басқа білім алушыларға көшіру үшін өз жұмыстарын ұсынбау;

- әр түрлі бақылау түрлерінің: ағымдық; аралық, қорытынды тапсырмалар орындау кезінде шпаргалка пайдаланбау және көшірмеу;

- Академиялық адалдық кодексін бұзу фактілері туралы, егер ол куә болса, осындай фактімен тікелей бетпе-бет келген не бұзушылық фактілерінің бірін жасау туралы ұсыныс алған жағдайда факультет басшылығына не сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметіне хабарлау.

7.3 ЖОО ПО құрамының құқығы:

- білім алушылардан академиялық адалдықты сақтауды талап ету;

- академиялық еркіндік: өз пікірін білдіру, ғылыми ақпарат пен идеяларды алу және тарату;

- білім алушылардың орындалған тапсырмаларына және ғылыми-зерттеу жұмыстарында көшіріп алу мәніне сараптама жүргізу;

- қолданыстағы Кодексті жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізу.

7.4 ПО құрамы міндетті:

- Академиялық адалдық кодексін сақтау;
- әр курстың басында академиялық адалдықты сақтауға қатысты түсіндіру жұмыстарын жүргізу;
- ғылыми-зерттеу жұмыстары мен тапсырмаларды ресімдеу кезінде оқыту және көмек көрсету;
- академиялық адалдықтың сақталуын бақылауды жүзеге асыру;
- білім алушыларды академиялық адалдық талаптарына қатысты өзгерістер туралы уақтылы хабардар ету;
- академиялық бұзушылықтың анықталған фактілері туралы деканатты хабардар ету;
- Академиялық адалдық кодексін бұзу фактілері туралы, егер ол куә болса, осындай фактімен тікелей бетпе-бет келген не бұзушылық фактілерінің бірін жасау туралы ұсыныс алған жағдайда факультет басшылығына не сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметіне хабарлау.

7.5 Университет қызметкерінің құқығы:

- қолданыстағы Кодексті жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізу;
- өз өкілеттіктері шегінде академиялық адалдық қағидаттарын қамтамасыз ету жөніндегі бөлімшелердің жұмысын регламенттейтін актілер шығару және барлық стейкхолдерлер үшін міндетті болып табылады.

7.6 Университет қызметкері міндеті:

- Академиялық адалдық ортасын сақтау;
- ЖОО-ның мүдделері мен имиджіне нұқсан келтіретін іс-әрекеттерге, сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне және сыбайлас жемқорлыққа жағдай жасайтын іс-әрекеттерге қарсы тұру;
- Академиялық адалдық кодексін сақтау;
- білім алушылар мен ЖОО қызметкерлеріне қатысты әдептілікті сақтау;
- Академиялық адалдық кодексін бұзу фактілері туралы, егер ол куә болса, осындай фактімен тікелей бетпе-бет келген не бұзушылық фактілерінің бірін жасау туралы ұсыныс алған жағдайда факультет басшылығына не сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметіне хабарлау.

8 ҚОРЫТЫНДЫ

8.1 Академиялық адалдық кодексі лауазымы мен жұмыс өтіліне қарамастан барлық білім алушылар, қызметкерлер мен оқытушылар үшін бірдей қолданылады.

8.2 Осы Кодекс бекітілген сәттен бастап қолданысқа енгізіледі және жаңа Академиялық адалдық Кодексі қабылданған сәтке дейін қолданылады.

Академиялық адалдық кодексін бұзу туралы Акт

Студенттің аты-жөні	
Курсы, мамандығы	
Оқытушының аты-жөні	
Пән	
Аудитория	
I санат	
II санат	
III санат	

Оқытушының қолы:

Білім алушының қолы:

Актпен таныстым:

Факультет деканының қолы:

Ментордың қолы:

Академиялық адалдық кодексін бұзу туралы Акт

Оқушының/қызметкердің аты-жөні	
Факультет/Департамент	
Пән	
I санат	
II санат	
III санат	

Оқушының/қызметкердің қолы:

Актпен таныстым:

Факультет деканының/департамент директорының қолы: